

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ПАЙЫМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ ЖЫЛҚЫ ОБРАЗЫ

Санжар Сырғабаев¹, Дәуренбек Құсайынов²

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ бейнелеу өнеріндегі жылқы бейнесі философиялық тұрғыдан талданады. Осы күндері жылқы қазақ халқының этногенетикалық болмысының, рухани дүниетанымының және мәдени жадының басты коды ретінде қарастырылып жүр. Расында да, еліміз аумағынан табылып жатқан ежелгі петроглифтерден бастап бүгінгі кескіндеме мен заманауи өнер туындыларына дейін тұлпар бейнесі көшпелілердің дүниетанымын бейнелейтін көркем-мәдени символ ретінде көрініс табады. Бұл көріністерде жылқы бейнесі кеңістік пен уақытты игерудің, еркіндік пен тектіліктің символы ретінде көрініс тауып келеді. Сондықтанда ғылыми ортада жылқы образы этнографиялық немесе эстетикалық қырларымен ғана шектелмей, ұлттық философиялық ойлаудың көркем репрезентациясы ретінде қарастырылуда. Бұл өз кезегінде, бейнелеу өнеріндегі жылқы бейнесін философиялық талдау өзектілігін арттырады.

Оның себебі философиялық ойлау дәстүрінде өнер туындысын тек көркем бейне ретінде ғана емес, мәдени-онтологиялық мәні бар құбылыс ретінде пайымдауға талпынумен түсіндіріледі. Осы тұрғыдан алғанда, жылқы бейнесі арқылы қазақ дүниетанымындағы адам мен табиғаттың тұтастығы, космоцентрлік ойлау жүйесі, архетиптік сананың терең қабаттары айқын көрініс табады. Сол себепті, бұл мақалада Эрнст Кассирердің символдық формалар философиясы, Карл Юнгтің архетиптік теориясы және Ганс-Георг Гадамердің герменевтикасы зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде алынды. Зерттеуде Әбілхан Қастеев, Қанафия Телжанов, Молдахмет Кенбаев, Салихитдин Айтбаев, Жұмақын Қайрамбаев, Өмірбек Жұбаниязов және Талғат Тлеужанов еңбектері талданды. Сол арқылы жылқының бейнесі ұлттық кодтың, ұжымдық жадтың және рухани архетиптердің көркем таңбасына айналғаны көрсетілді. Яғни, мақалада еліміздегі ең алғашқы

кәсіби кескіндемешелірден бастап қазіргі заманғы суретшілер де қарастырылған. Мақалада қазақ өнеріндегі жылқы образы философиялық категориялар тұрғысынан жүйелі қарастырылып, оны ұлттық болмыстың көркем онтологиясы, ұжымдық жадтың символдық формасы ретінде түсінуге алғышарттар жасалды.

Түйін сөздер: философиялық талдау, символдық форма, визуалды онтология, архетиптік сана, космоцентрлік дүниетаным, ұлттық болмыс, мәдени жады, көркем репрезентация, тұлпар образы, қазақ кескіндемесі

Дәйексөз үшін: Сырғабаев, Санжар және Дәуренбек Құсайынов. «Философиялық пайым және қазақ бейнелеу өнеріндегі жылқы образы». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, № 4, 2026, 178–195 б., DOI: 10.47940/cajas.v10i4.1112

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.

Кіріспе

Бүгінгі күнге дейін Қазақстан территориясынан табылған бейнелеу өнері туындыларының ең алғашқы және біршама айғақты көне үлгілері жаңа тас (неолит) пен мысты тас (энеолит) дәуірлеріне жатады. Бұл туындыларды алғашқы суретшілер, миф жасаушылар, аңшылар мен бақсылар жасаса керек. Олар өздерінің дүниетанымын, діни-философиялық көзқарастарын және наным-сенімдерін тасқа қашап қалдырған. Осылардың ішінде ерекше көзге түсетіні жылқы бейнесі. Жылқы көшпелілер үшін жәй хайуан емес, тіршілік серігі әрі құдіретті жаратылыс болған. Адам мен жылқы арасындағы өзара байланыс қазақ мәдениетінде терең онтологиялық және символдық мәнге ие мәдени-антропологиялық симбиоз ретінде қалыптасқан құбылыс болып табылады. Жылқы қазақ үшін этногенетикалық код, антропологиялық символ, рухани архетип. Ол ішсе — сусын, жесе — азық, мінсе — көлік. Қобыздың ішектері мен ысқысына дейін бабаларымыз жылқының қылынан жасаған. Жылқы — халық өнерінің басты әрі жүйеқұраушы көркем бейнелерінің

бірі ретінде орныққан. Оның жүрісі мен дүбірі — ән мен күйде, екпіні — эпоста, кескін-келбеті — бейнелеу өнерінде бедерленіп отырған (Тоқтабай 5). Ежелгі петроглифтерден бастап, заманауи бейнелеу өнеріне дейін жылқы бейнесі адам мен табиғат арасындағы байланыстың, еркіндік пен кеңдіктің, батырлық пен тектіліктің нышаны ретінде көрініс тауып келеді.

Өнер туындыларындағы жылқы бейнесінің мәнін ашу тек өнертанулық немесе эстетикалық мәселе шеңберімен шектелмей, ол философиялық тұрғыдан талдауды қажет ететін кешенді проблема болып табылады. Себебі, жылқы көшпелі өркениеттің онтологиялық болмысын бейнелейтін әмбебап архетип болып үлгерді. Бұл тұрғыда жылқы образы ұлттық мәдениеттегі символдық формаларды зерттеудің өзекті объектісіне айналады. Эрнст Кассирердің *animal symbolism* тұжырымдамасы бойынша, адам әлемді символдар арқылы таниды және бейнелейді. «Құмәнсіз, символдық ойлау мен мінез-құлық — адам өмірінің ең басты сипаттары. Адамзат мәдениетінің бүкіл прогресі дәл осыған сүйенеді», — дейді Кассирер (Кассирер 473). Осы тұрғыдан алғанда, өнер туындылары да

символдық формалар жүйесінің көрінісі болып табылады. Сондықтан қазақ бейнелеу өнеріндегі жылқы бейнесін ұлттың рухани дүниетанымының көркем репрезентациясы ретінде қарастыруға әбден негіз бар.

Бүгінгі таңда Қазақстанда қабылданып жатқан ұлттық даму жоспарлар мен мемлекеттік бағдарламалар мәдени мұраны жаңғырту мен ұлттық бірегейлікті күшейтуге бағытталуда. Бұл үрдіс философиялық тұрғыдан өнер мен мемлекеттің өзара байланысын қайта қарастыруға мүмкіндік береді. Қазақ бейнелеу өнеріндегі жылқы бейнесін зерттеу осындай ұлттық кодты қайта жандандыру үдерісінің символдық айнасы десек те болады. Өнер мен мемлекеттік бағдардың тоғысында ұлт өзінің мәдени жады мен рухани болмысын тереңірек ұғынады.

Осыған байланысты зерттеудің басты мақсаты — қазақ бейнелеу өнеріндегі жылқы образын философиялық тұрғыдан зерделеу, оны ұлттық код пен мәдени-символдық жүйенің көрінісі ретінде талдау. Сонымен қатар, бұл зерттеу қазақ бейнелеу өнерінің символдық құрылымының бір қырын ашуға талпыныс. Осы мақсатқа сәйкес келесідей міндеттер айқындалды: Жылқы образының тарихи-мәдени бастауларын анықтау; Қазақ кескіндемесі мен графикасындағы көркем репрезентациясын талдау; Суретшілер шығармашылығында жылқының архетиптік және символдық мәнін көрсету; Қазақ философиялық дүниетанымында жылқы бейнесінің онтологиялық орнын айқындау.

Зерттеу объектісі — қазақ бейнелеу өнеріндегі жылқының бейнесі. Зерттеу пәні — осы бейнелердің философиялық мазмұны мен мәдени семантикасы.

Зерттеу әдістері

Қазақ бейнелеу өнеріндегі жылқы бейнесін философиялық тұрғыдан

зерделеу үшін әртүрлі ғылыми әдістер пайдаланылды. Бұл әдістерді кешенді түрде қолдану зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес жылқы образының тарихи бастауларын, көркемдік репрезентациясын және философиялық мағынасын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

Ең алдымен мақалада тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды. Бұл әдіс арқылы қазақ елінің ең алғашқы кәсіби суретшілерінен (Әбілхан Қастеев, Қанафия Телжанов) бастап қазіргі заман кескіндемешілеріне дейін (Өмірбек Жұбаниязов, Талғат Тлеужанов) жүйелі салыстырылды. Жылқы бейнесінің репрезентациясы әр дәуірдің тарихи-мәдени контекстінде қарастырылды. Сонымен қоса, аталмыш әдістің арқасында өнердегі көркем образдардың қалай өзгергені, кеңестік кезеңнен тәуелсіздік жылдарына дейінгі трансформациясы көрініс тапты.

Сонымен қатар, құрылымдық-талдамалық әдіс қолданылып, жылқы бейнесінің көркемдік тілдегі ерекшеліктері, композициялық құрылымы мен символдық шешімдері сарапталды. Мәселен, Қастеевтің этнографиялық нақтылыққа негізделген туындылары мен Телжановтың динамикалық кеңістікке құрылған картиналары бір-бірімен салыстырылып, олардың ұлттық кодты бейнелеудегі өзіне тән стильдік ерекшеліктері айқындалды.

Бұған қоса, символдық талдау әдісі Эрих Кассирердің «Адам туралы очерк. Адамзат мәдениеті философиясына кіріспе» еңбегіне негізделіп қолданылды (Кассирер). Осы арқылы жылқы бейнесі мәдени символ ретінде қарастырылып, оның ұлттың рухани дүниетанымындағы орны ашылды. Э. Кассирердің символдық формалар философиясы адамды «символдық жануар» (animal symbolicum) ретінде сипаттайды (Кассирер 472). Бұл қағида бойынша адам әлемді тікелей сезімдік тәжірибе арқылы ғана емес,

символдар жүйесі арқылы игереді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ бейнелеу өнеріндегі жылқы бейнесі — ұжымдық жад пен ұлттық дүниетанымның көркем репрезентациясы болып табылады. Символдық талдау бізге жылқыны ұлттық сананың терең қабаттарында орныққан мәдени-кодтық құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда Алексей Фёдорович Лосевтің символ табиғаты туралы тұжырымы да ескерілді, өйткені, ол кез келген өнер түрін, тіпті барынша реалистік үлгілерін де символдық құрылымнан тыс қарастыру мүмкін еместігін дәлелдейді (Лосев). Бұл қағида біздің зерттеуімізде бейнелердің сыртқы пішінінен бөлек, олардың мәдени-идеялық астарын түсінуге жол ашады. Басқаша айтқанда, Кассирердің қағидатын қолдану арқылы біз суретшілердің еңбектеріндегі тұлпарды ұлттың өзін-өзі тану тәсілі, тарих пен болмысты түсінудің символдық тілі ретінде ашамыз. Осы ретте Андрей Белыйдың символды тек көркемдік тәсіл ғана емес, дүниетанымдық категория ретінде пайымдауы ерекше маңызды (Белый). Белыйдың пайымдауынша, символ — адамның болмысқа қатынасының әмбебап формасы. Бұл қағида қазақ өнеріндегі жылқы бейнесін ұлттық философиялық дүниетанымын жеткізетін мәдени-рухани феномен ретінде түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан бұл әдіс зерттеудің негізгі теориялық тірегіне айналып, бейнелеу өнеріндегі жылқы образын философиялық категориялар деңгейінде пайымдауға жағдай жасайды.

Карл Густав Юнгтің архетиптік талдау әдісі «Архетип және ұжымдық бейсана» еңбегіне сүйене отырып жүргізілді. Жылқы архетипі қазақ мәдениетінде еркіндіктің, қуаттың және кеңістікті игерудің символы ретінде қарастырылған. Өнер туындыларындағы тұлпар бейнесінің ұжымдық бейсанамен байланысы айқындалды (Юнг). Карл Густав Юнгтің пікірінше, архетиптер

адамзаттың бейсанасында сақталған әмбебап бейнелер мен идеялар болып табылады. «Архетиптер — тағдырдай төніп келетін тәжірибелер кешені. Олардың ықпалы біздің өміріміздің ең терең, ең сырлы тұстарында сезіледі», — дейді ол (Юнг 58). Бұл қағида архетиптердің тек жеке психологиялық құбылыс емес, мәдениет пен өнерде де тұрақты көрініс табатынын айқындайды. Ал қазақ мәдениетінде ең ерекше әрі танымал архетиптердің бірі жылқы. Ол еркіндіктің, қуаттың және кеңістікті игерудің көрінісі ретінде, тіпті қиялға жетелейтін миф ретінде де халқымыздың санасында орныққан.

Бұдан бөлек, мақалада Ганс-Георг Гадамердің «Ақиқат және әдіс» еңбегіне сүйене отырып, философиялық-герменевтикалық әдіс те қолданылды (Юнг). Мұндағы мақсат — өнер туындысы мәдени-тарихи тәжірибені түсінудің құралы болғандықтан, қазақ суретшілерінің еңбектерін тарихи жады мен мәдени семантика тұрғысынан талдау. Ганс-Георг Гадамердің герменевтикалық философиясы өнер туындысын тек эстетикалық нысан ғана емес, мәдени-тарихи тәжірибені түсінудің құралы ретінде қарастырады. Оның пікірінше, өнер туындысы заманмен үндесетін құбылыс. «Өнер туындылары өткеннен келіп, ғасырлардың монументтері ретінде бүгінгіге енгенімен, оларды тек эстетикалық не тарихи сана аясына сыйдыруға болмайды. Олар өз қызметтеріне сәйкес келгенше, кез келген бүгінгі сәттің замандастары болып қала береді...», — дейді ол (Гадамер 167). Демек, өнер туындысы өзінің тарихи бастауларынан ажырамай, әрқашан жаңа дәуірмен сұхбаттасып тұрады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ суретшілерінің еңбектері де тарихи-мәдени контекстімен байланысты қарастырылып, олардың көркемдік тіліндегі символдық және онтологиялық мән айқындалды. Бұл қағидатты қазақ бейнелеу өнеріне қолдансақ, онда кез келген картина

немесе мүсін белгілі бір кезеңнің тарихи-әлеуметтік жағдайын ғана көрсетіп қоймайды, сонымен бірге әр дәуірдегі көрерменге жаңа мән-мағына ашатынын түсінеміз. Мәселен, Қастеевтің «Бүркіт ұстаған аңшысы» XX ғасырдың 30-жылдарының тұрмысын бейнелесе де, бүгінгі оқырман үшін ол қазақтың табиғатпен тұтастығын және ұлттық рухтың қайнарын жеткізетін символға айналған. Осы арқылы өнер туындысы уақытқа тәуелденбей «сөйлейді», яғни әр дәуірдің мәдени дискурсына сіңіп, сол дәуірдің өзіндік және өзекті мәселелерін бейнелі түрде айқындап береді.

Сонымен бірге, Гадамердің «Көркемдіктің өзектілігі» еңбегіндегі ойлары да зерттеуімізге бағдар болды. Ол өнердің әр дәуір үшін «қазіргілік мәнге» ие болып, өзінің тарихи контекстінен шыққанымен, үнемі жаңа заманмен сұхбаттасып тұратынын көрсетеді (Гадамер). Бұл қағида қазақ бейнелеу өнеріндегі жылқы образын бүгінгі күннің мәдени және философиялық дискурсына енгізуге мүмкіндік береді.

Материалды барынша түсінікті әрі танымды болу үшін ең танымал әрі қазақ тарихы үшін маңызды туындылар таңдалды. Зерттеу материалы ретінде қазақ бейнелеу өнеріндегі кескіндеме алынды. Олардың қатарында Әбілхан Қастеевтің «Бүркіт ұстаған аңшы» (1935), Қанапия Телжановтың «Көкпар» (1953), Молдахмет Кенбаевтың «Ат құрықтау» (1961), Салихитдин Айтбаевтың «Жылқышы» (1980), Жұмақын Қайрамбаевтың «Мұқағалиға арнау» (1991), Өмірбек Жұбаниязовтың «Бозторғай» (2011), Талғат Тілеужановтың «Шың басында» (2008) сияқты еңбектер бар. Сонымен бірге, қазақ өнертанушыларының зерттеулері, альбом-каталогтар мен музей қорындағы материалдар да пайдаланылды.

Аталған әдістердің кешенді түрде қолданылуы қазақ бейнелеу өнеріндегі жылқы бейнесін тек өнертанулық тұрғыдан емес, сонымен қатар,

философиялық категориялар жүйесі арқылы талдауға мүмкіндік берді. Бұл тәсілдер жылқы образының мәдени-онтологиялық мағынасын, ұлттық кодтағы символдық орнын, архетиптік және герменевтикалық қырларын кешенді ашуға жағдай жасады.

Талқылау

Қазақ бейнелеу өнеріндегі жылқы бейнесі әр кезеңде түрлі көркемдік интерпретацияға ие болды. Біздің жалпы тұрпат пен түс туралы пайымымыз табиғи құбылыстардан гөрі жылқының фенотиптік түрленімдерінен туындайды. Қазақтың колористикалық мәдениеті де көбіне жылқы образы арқылы қалыптасып отырғанын тіліміздегі қолданылатын бояу мен түс атауларынан байқасақ болады. Мәселен, кер ат — бозғылт, көгілдір тартқан, жеңілдік пен еркіндікті меңзесе, қарагер — төзімділіктің, тұрақтылықтың нышаны саналады. Бурыл — өткінші тағдырдың символы болса, шұбар — сирек қасиеттілікпен байланысты рәміз. Осы секілді қылаң, ақ көк, құла жирен, тұмар шұбар тәрізді атаулар қазақтың ерекше визуалды ментальділігін айқындайды.

Белгілі этнограф Жағда Бабалықұлы атап өткендей, қазақ жылқыны түстеріне байланысты 100-ден аса атау арқылы жіктеген. Бұл феномен тілдің визуалды өнермен байланысын және мәдени дифференциацияның жоғары деңгейін көрсетеді. Сондықтан бейнелеу өнеріндегі жылқы бейнесін талдауды қазіргі таңда мәдени және ғылыми танымда аса маңызды деп есептейміз. Ал бұл зерттеуді әрине қазақ кәсіби өнерінің негізін қалаушы Әбілхан Қастеевтен бастау орынды, өйткені, оның жылқыға берген көркем интерпретациясы кейінгі суретшілерге іргелі эстетикалық бағдар болды.

Қазақстан кәсіби бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың бірі Әбілхан Қастеевтің шығармашылығында жылқы

бейнесі этнографиялық нақтылықпен қатар, философиялық астарға да ие. Суретші үшін айналасында болып жатқанның бәрін шынайы бейнелеу ішкі қажеттілік болған. Сондықтан Қастеев шығармаларынан біз қазақ халқының тұрмысын, табиғатын және сол дәуірдің рухын танимыз. Оның кескіндемелік тілі примитивтілік пен натурализм арасындағы тепе-теңдікте дамыды. Дәл осы ерекшелік туындыларына шынайылық пен өмірге жақындық сипат дарытады. Мұның айқын мысалы — 1935 жылы жазылған «Бүркіт ұстаған аңшы» (1 сурет) атты туындысы.



1 сурет. Әбілхан Қастеев, Бүркіт ұстаған аңшы. 1935.
Кенеп, майлы бояу. 100x80.

Картинадағы адам бейнесі өміршендік пен сенімділікке толы (Жадайбаев 21). Алайда, жылқы бұл картинада екінші қатарда емес. Ол аңшымен бірге біртұтас образ құрайды. Ол мұнда көлік құралынан гөрі, қазақтың кеңістіктегі серігі ретінде жазылған. Ал бұл көрініс — көшпелі өмір салтының қысқа әрі нақты көркем формасы. Қастеев бұл еңбегінде, бәлкім, бейсаналы түрде

антропоцентризмдік көзқарасты емес, космоцентризмдік дүниетанымды ұсынса керек. Яғни, ол адам мен табиғатты қарама-қарсы қоймай, олардың өзара тұтастығы мен үйлесімін визуалды пластика арқылы жеткізеді. «Кез келген өнер, тіпті барынша реалистік болған күннің өзінде де, символдық бейнелеуді құрастырудан тыс қала алмайды», — дейді Алексей Лосев (Лосев 190). Демек, Қастеевтің жылқылары этнографиялық бейнелеуден асып, ұлттық рухтың көркем таңбасына айналған. Бұл шығармадағы жылқы образы реалистік нақтылықта берілгенімен, оның артында ұлттық болмыстың символдық мәні жатыр.

Әр кезеңдегі жұмыстардан Қазақстандағы дара шығармашылық иелерінің даму эволюциясын көруге болады. Мысалы, Қанапия Телжановтың туындылары орындалуы кең көлемді болып, ойы мен тақырыбы арқылы ерекшеленді. Оның шығармалары Қазақстан өнеріне жаңа серпін мен шындық әкелгендей сезілді. 1950—1960 жылдардағы қазақ кескіндемесінің символына айналған Қанапия Телжановтың «Көкпар» картинасы (2 сурет) ұлттық бейнелеу өнеріндегі жылқы образын кеңістік пен еркіндіктің символына айналдырды.

Туындыда көкпар ойыны көшпелілердің болмысын бейнелейтін философиялық модель ретінде көркемделген. Композиция динамикасы, жылқылардың шабысы, түстік шешімдегі контраст қазақтың ұлттық мінезін, ерлік пен еркіндікке ұмтылысын айшықтайды. «Көкпар» — көшпелі мәдениеттегі ұлттық мінез бен этикалық ұстанымдардың көркем моделі. Бұл туындыда жарыс — айқас қана емес, әділеттің, мәрттіктің және азаматтық жауапкершіліктің символына айналады. Ат үстіндегі әрбір бейне ұлттың намысын арқалаған субъект ретінде көркем тұлғаланады. Қазақ дүниетанымындағы «Жылқы ішінде жылқы көп, қазанаты бір бөлек, ел ішінде жігіт көп, азаматы



2 сурет. Канапия Телжанов, Көкпар. 1935.
Кенеп, майлы бояу. 150x325.

бір бөлек» деген мәтел осы контексті тереңірек аша түседі. Себебі, бұл жұмыста қазанат пен азаматтың көркем үндестігі, яғни жылқы мен ер тұлғасының байланысы айқын байқалады.

Жылқы бейнесі кездесетін қазақ бейнелеу өнеріндегі ең танымал туындылардың бірі бұл әрине Молдахмет Сыздықұлы Кенбаевтың «Ат құрықтау» (3 сурет) атты картинасы. Бұл шығарма өзінің көркемдік шешімі мен мазмұндық тереңдігі арқылы тұтас бір тарихи-мәдени кезеңнің визуалды эмблемасына айналған шығарма.



3 сурет. Молдахмет Кенбаев, Ат құрықтау. 1961.
Кенеп, майлы бояу. 102x202.

Картина қазақ бейнелеу өнеріндегі жылқы тақырыбын жаңа деңгейге көтерді. Шығарманың басты ерекшелігі — асау тұлпардың еркіндік пен рухтың метафорасына айналуы. Кеңес дәуірінде салынғанына қарамастан, картинада ұлттың ішкі еркіндігі мен рухани қуаты бейнеленген. Мұнда жылқы саяси-идеологиялық шеңберді бұзып өтетін, метафизикалық еркіндіктің көрінісі ретінде көркем тілде репрезентацияланған. «Кенбаев шығармашылығынан сананың өте терең

этникалық кодтарын байқауға болады. Бұл тек қана суретшінің көбіне ұлттық мотивтерге жүгінуімен шектелмейді, сонымен бірге ойды жеткізу жүйесінің өзінен де тікелей ұлттық ойлау түрінің көрінісін аңғаруға болады», — дейді оның шығармашылығы жайлы өнертанушы Халима Труспекова (Труспекова 13). Қазақ үшін асау үйрету рух пен ерік-жігерді шыңдайтын этномәдени тәжірибе. Үлкен күш пен ептілікті талап ететін бұл тәжірибе ер мінез қалыптастырып, сабыр мен батылдықты талап ететін өмірлік сынақ іспетті. Бұл үрдісте физикалық қуат пен рухани ептілік қатар сыналады. «Аттың сыры иесіне мәлім» деген халық даналығы адамның табиғатпен үйлесімде өмір сүру философиясын білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда, Кенбаев кенебінде жылқыны таныған адам — кеңістікті де, еркіндікті де тани алады деген көшпелілер дүниетанымы бейнеленген.

Ендігі кезекті «Алпысыншы жылдардың жылы лебі» деп аталып кеткен көркем серпілістің көшбасшыларының бірі Салихитдин Айтбаевтың «Жылқышы» триптихіне (4 сурет) берсек. Суретшінің бейнелеу тілі философиялық-поэтикалық сипатта болып, уақыт пен кеңістік категорияларын көркем пластика арқылы жеткізеді.

«Фигуративті өнер аясында Айтбаев кескіндемені дүниені танудың жай ғана сезімдік қабылдауынан жүйелі көру мен саналы түсінікке көшу ретінде қарастырады. Бұл түсінік белгілер мен символдар тілі арқылы беріледі» (Ергалиева 93). Аталмыш картинада суретшінің ұлттың тарихи жады мен мәдениетінің шежіресін көрсетуге деген ұмтылысын көреміз. Картинадағы жылқылар қазақтың көшпелі болмысының көлеңкесі. Айтбаев осы образ арқылы суретшінің ұлттық мұрагер ретіндегі міндетін көтереді. Ол жылқыны ескі дәуірдің үні ретінде көрсетеді.

Тарихи деректерге сүйенсек, XX ғасырдың басында қазақ даласында



4 сурет. Салихитдин Айтбаев, Жылқышы.
Жылқышылар триптихы. 1980.
Кенеп, майлы бояу. 170х170.

жиырма миллионға жуық жылқы болғаны айтылады. Тіпті кейбір әулеттердің 30—40 мың жылқы ұстағаны туралы мәліметтер бар. Бірақ бұл дәстүрлі өркениет кеңестік жүйенің солақай саясатына ұшырап, жылқы малының қыруар бөлігі жойылды. Айтбаевтың туындысы — сол қасіретті кезеңге көркемдік жауап ғана емес, жоғалған даланың бейнелі шежіресі. Мұнда жылқы образы ұжымдық жадыдағы жарақатты да, рухани төзімділікті де паш етеді. Философиялық тұрғыдан алғанда, бұл шығарма Кассирердің «символдық форма» туралы тұжырымын тағы да бір еске салады. Себебі картинадағы жылқы бейнесі тарихи естеліктерден бөлек, мәдени жадтың символы, халықтың өзін-өзі тануы мен болмыстық жалғастығының көрінісі. Осылайша, жоғалған жылқы өркениеті өнер тілінде қайта тіріліп, ұлттың рухани кеңістігіндегі орны айқындалады.

Өзінің шығармашылығында жылқы бейнесіне жиі тоқталған тағы бір суретші Жұмақын Қайрамбаев. Жылқы, жол, жолаушы Қайрамбаев кескіндемелерінің кеңістігін толтырып отырады... Сүйікті тақырыптарының бірі — жануарлар бейнесі (Резникова 15). Оның «Мұқағалиға арнау» (5 сурет)

туындысында жылқы бейнесі таза эмоция мен рухани дірілді жеткізетін көркем символға айналады.

Мұнда тұлпар нақты бейнеден абстрактілікке ауысып, ақынның рухымен астасады. Бұл тәсіл өнердің «мәнділікті жеткізу» қызметін айқындайды. Эрнст Кассирердің «символдық формалар» теориясы тұрғысынан қарасақ, Қайрамбаев жылқыны поэтикалық ойды жеткізетін символға айналдырады. Оның бейнесінде уақыт пен кеңістіктің арасындағы шекара жойылып, архетиптік метафораға айналған тұлпар ұжымдық жад пен шығармашылық рухты білдіреді.

Кез келген өнер өз мәні бойынша символдық. Кез келген символдық таным — идеялық. Өнердің ерекше таным түрі ретіндегі міндеті барлық заманда бірдей болып қалады. Өзгеретіні — тек оның бейнелеу тәсілдері. Философияның өзі де түп негізінде символдық формалар арқылы қалыптасады (Белый 247). Демек өнердің символдық табиғаты туралы тұжырымы қазақ бейнелеу өнеріндегі үлгілерді түсіндіруге де мүмкіндік береді. Осы қағиданы Қайрамбаевтың тұлпар бейнесінен айқын көруге болады. Қайрамбаевтың туындысындағы тұлпар — қазақ рухының поэтикалық архетипі. Ол адамның өзімен теңестірілген символдық форма. Қазақ үшін жылқы — еркіндіктің тынысы, тағдырдың



5 сурет. Жұмақын Қайрамбаев, Мұқағалиға
арнау.
Кенеп, майлы бояу. 1991. 91х110

серігі, рухтың жалғасы. Сондықтан Қайрамбаев картиналарындағы тұлпар нақты бейнеден шығып, ұлттық жадтың метафорасына айналады. Оның тұлғасында уақыт пен кеңістіктің шекарасы жойылып, дәстүр мен қазіргілік түйіседі. Жылқы бейнесі мұнда ақын мен поэзияны елестететін ең терең философиялық метафораның бірі. Ол тіпті поэтикалық ойдың көркем репрезентациясы, мәдени онтологияның символдық өзегі ретінде көріне алады.

Өмірбек Жұбаниязовтың «Бозторғай» (6 сурет) шығармасында жылқы мен бала образы қазақ дүниетанымындағы «адам — табиғат — кеңістік» ұштағанының көркем бейнесі ретінде берілген. Мұндай иерархиялық құрылым ежелгі түркілік дүниетанымдағы ұштағанға — Жер, Орта Дүние және Көк аспан түсінігіне сәйкес келеді. Осы арқылы автор көркем кеңістікті аңыздармен үндестіріп, композицияның символдық және семиотикалық өлшемін кеңейтеді. Картинадағы элементтер табиғи, шынайы, бірақ көркемдік өңдеуден өткен.

Бұл суретшінің авторлық стилистикасы. Жұбаниязов дене бөлшектерін егжей-тегжейлі сипаттаудан гөрі, жылқыны тұтас образ ретінде ұсынуды жөн көрген. Оның шоқтығы мен сағақ тұсы, мойын иілісі мен құйрық сызығы, барлығы ырғақты құрылымға бағындырылған. Жылқы денесінің салмақты сызығы — кеңістікті кесіп өтіп бара жатқан уақыт сызығы секілді. Бұл —



6 сурет. Өмірбек Жұбаниязов, Бозторғай. 2011. Кенеп, майлы бояу. 51x80



7 сурет. Талғат Тлеужанов, Шың басында. 2008. Кенеп, майлы бояу. 180x120

Ганс Георг Гадамердің герменевтикалық философиясындағы «бейнелеу өнеріндегі шығарма жай көшірме емес, өзіндік болмысы бар құбылыс» — деген қағидасын еске түсіреді (Гадамер 187). Мұнда жылқы бейнесі қазақ мәдениетінің этикалық жауапкершілігін және кеңістікпен үндестігін бейнелейді.

Талғат Тілеужановтың «Шың басында» (7 сурет) картинасы — эпикалық тыныспен жазылған символикалы-романтикалық туынды. Қара арғымақ бейнесі батырлық эпостың жалғасы іспетті ұлттық архетипке айналған. Бұл жерде тұлпар батырдың серігі ғана емес, оның рухани қуаты мен болмысын білдіретін философиялық метафора ретінде көрінеді.

Қазақ эпосындағы «ер қанаты — ат» түсінігі осы картинада жаңа көркемдік тілде ұсынылады. «Арудан асқан жар бар ма, жылқыдан асқан мал бар ма», — деп толғаған XVIII ғасырдағы Ақтамберді жыраудың бұл сөзі қазақ халқының

эстетикалық идеалы мен дүниетанымдық өлшемін айқындайды. Картинадағы тұлпар бейнесі осы өлшемнің айқын көрінісіндей: тұяғымен қар кешкен арғымақтың қимылы жеңіл, болмысы сергек, тұлғасы айбарлы. Суретші жылқыны сұлулықтың символы ретінде бейнелейді. Юнг пайымдауынша: «архетип — бейсананың терең қабатында сақталған әмбебап үлгі, ол миф пен өнерде символдар арқылы көрініс табады. Мәселен, табиғат құбылыстары да адам санасында бейсаналық драманың символдық көрінісіне айналады» (Юнг 12). Осы тұрғыдан қарағанда, қара арғымақ бейнесі қазақтың ұжымдық бейсанасында еркіндік пен қуаттың архетипі ретінде орныққан.

Енді Кассирердің ойларына оралсақ, ол былай дейді: «Адам қоршаған ортаға бейімделудің жаңа тәсілін ашты. Оның рецепторлар мен эффекторлар жүйесінің арасында символдық жүйе деп атауға болатын үшінші буын бар» (Кассирер 470). Бұл жүйе адамның табиғатпен қарым-қатынасын түбегейлі өзгертті, енді адам дүниені тек сезім мүшелері арқылы қабылдап қана қоймайды, оны символдар арқылы түсініп, қайта жасайды. Демек, тіл мен миф, өнер және дін — осы ғаламның құрамдас бөліктері. Олар символдық формалардан өрілген өрнек. Символдық формалар адамға тән ерекше әлемді құрап, оның Ғаламдағы орнын айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, Талғат Тілеужановтың «Шың басында» картинасы да символдық формаға айналған көркем мәтін ретінде қабылданады. Мұндағы қара арғымақ адам мен табиғаттың, тарих пен рухтың өзара байланысын паш ететін универсалды символ. Арғымақ бейнесі қазақтың ұжымдық жадындағы архетипті қайта жаңғырта отырып, оны философиялық мағынаға көтереді. Мұнда тұлпар — еркіндіктің, қуаттың, биіктікке ұмтылудың көркем формасы ретінде қызмет етеді.

Осылайша, қазақ кескіндемесіндегі жылқы образы тек көркемдік ізденістердің нәтижесі ретінде ғана емес, ұлттық болмыстың мағыналық өзегін айқындайтын іргелі мәдени феномен ретінде пайымдалады. Дегенмен, осы тұста өнердің танымдық рөлі мен оның қабылдану үдерісіне қатысты әлемдік ғылыми дискурсқа да назар аудару маңызды. Мәселен, Элис Харберд (Alice Harberd, 2025) өзінің соңғы зерттеулерінде «эстетикалық алдану» (aesthetic bias) мәселесін көтеріп, өнер туындысының сыртқы тартымдылығы мен эстетикалық қасиеттері біздің оған деген эпистемологиялық (танымдық) бағалауымызға қалай әсер ететінін талдайды. Харбердтің пайымдауынша, эстетикалық факторлар кейде нысанның шынайы танымдық құнын негізсіз төмендетіп немесе асыра бағалауға алып келуі мүмкін. Оның пайымдауынша, біз өнер туындысының әдемілігіне бола, оның ішіндегі идеяны асыра бағалап жібереміз немесе керісінше, сыртқы пішіні қарапайым болса, маңызды білімді елемей қалуымыз мүмкін (Harberd, 2025). Демек, картинадағы бейнелерді талдау барысында тек сезімдік әсерге сүйенсек, қате интерпретация жасауымыз мүмкін. Мұндай қарама-қайшылықтар мен теориялық күмәннің болуы заманауи эстетика үшін заңды құбылыс. Алайда, біздің зерттеуімізде жылқы бейнесіне тек эстетикалық нысан ретінде емес, философиялық-эпистемологиялық тұрғыдан қарау — ұлттық кодты танудың басты шарты ретінде қарастырылады. Өнер туындысы Харберд ескерткен «эстетикалық алдану» шеңберінен шығып, адам болмысының терең қабаттарын ашатын рухани мағына сыйлайды. Сондықтан, қазақ кескіндемесіндегі жылқы образы — эмпирикалық білімнің емес, экзистенциалдық тәжірибе мен ұлттық руханияттың айнымас куәгері болып табылады.

Нәтижелері

Қазақ бейнелеу өнеріндегі жылқы бейнесін философиялық тұрғыдан қарастыру — эстетикалық сипаттамадан бөлек, мәдени-онтологиялық мағынаға ие талдау болып табылады. Өйткені, жылқы көшпелі өркениеттің ұлттық болмысын айқындайтын архетиптік образ. Ол ұжымдық жадтың терең қабатынан шығып, әр дәуірде жаңа көркемдік тілде қайта жаңғырып отырған әмбебап символ.

Ганс-Георг Гадамер айтқандай, «Көркем шығарма тілінің ерекшелігі — әрбір жеке туынды өз бойына бүкіл болмысқа тән символдық сипаттарды жинақтап, соларды бейнелей алады. Оны кез келген басқа тілдік немесе тілдік емес дәстүрмен салыстырғанда, ол әрбір дәуір үшін «абсолютті бүгіндік (заманауи)» ретінде көрінеді және сонымен бірге болашаққа да өз сөзін жеткізеді» (Гадамер 265). Осы қағида қазақ суретшілерінің еңбектеріндегі жылқы образын түсіндіруде ерекше мәнге ие. Қастеевтің этнографиялық нақтылығына негізделген реалистік шешімдері, Телжановтың «Көкпар» картинасы арқылы жеткізілген философиялық модельдері, Кенбаевтың асауды ауыздықтау сәтіндегі рухани еркіндік символы — бұлардың барлығы көркем шығарма тілінің әрқашан өз дәуірімен қатар жүретінін көрсетеді.

Карл Густав Юнгтің «архетип» теориясы тұрғысынан қарағанда, қазақ кескіндемесіндегі тұлпар — ұжымдық бейсананың көркем репрезентациясы. Жылқы бейнесі бейсананың терең қабатынан шығатын, еркіндік пен күш-қуатты білдіретін әмбебап үлгі. Бұл архетип Айтбаевтың «Жылқышы» триптихінде тарихи-мәдени жадының символына айналса, Қайрамбаевтың «Мұқағалиға арнау» туындысында поэтикалық ой мен рухани дірілді жеткізетін көркем кодқа, поэтикалық бейнеге айналған.

Эрнст Кассирердің «символдық формалар философиясы» бұл зерттеудің негізгі әдіснамалық іргетасы болып табылады. Оның *animal symbolicum* концепциясы бойынша, адам әлемді символдар арқылы құрады және түсінеді (Кассирер). Қазақ бейнелеу өнеріндегі жылқы бейнесі осының нақты мысалы бола алады. Тұлпарды тек тұрмыстық нысан ретінде қарастыру қате, себебі ол ұлттық кодтың мәдени таңбасы. Жоғарыда айтып өткен Қастеевтен бастап Тілеужановқа дейінгі кескіндемешілердің еңбектерінде жылқы образы адам мен табиғаттың тұтастығын, кеңістік пен уақытты игеру парадигмасын бейнелейтін символдық форма ретінде көрініс табады.

Сонымен қатар, жылқы бейнесінің репрезентациясы тарихи-әлеуметтік контекстке де тәуелді. Кенбаевтың «Ат құрықтау» туындысындағы асау тұлпар кеңестік дәуірде еркіндіктің жасырын метафорасына айналса, Айтбаев еңбектерінде ол жоғалған өркениеттің көркем хроникасы ретінде танылды. Қазіргі заман суретшілерінде (Жұбаниязов, Тілеужанов) тұлпар бейнесі жаңа экспрессивті әрі символикалық тіл арқылы ұлттық жадының заманауи философиялық көрінісін паш етуде.

Тұжырымдар

Мақала арқылы қазақ бейнелеу өнеріндегі жылқы бейнесі этнографиялық немесе эстетикалық деңгейден асып түсіп, ұлттық философиялық ойлау жүйесінің көркем визуалды формасына айналды деген тұжырымға келуге болады. Ол ұжымдық бейсананың архетипі ретінде, мәдени жадтың символдық формасы ретінде және ұлттық онтологияның көркем репрезентациясы ретінде де қызмет етеді. Жылқы бейнесі қазақ бейнелеу өнеріндегі басты тақырыптардың бірі болып қала беруде және суретшілердің

ұлттық дүниетанымды жеткізуге септігін тигізуде. Бұл құбылысты тарихи тереңнен бастау алатын «Аң стилінің» жалғасы ретінде де қарастыруға болады. Өйткені бұл стиль «автохтонды мәдениеттің түрлі халықтар өнерімен ажырамас байланысын бейнелеп, алдыңғазиялық мәдениетке сүйену, антикалық ықпал сияқты элементтерді өз бойына сіңірген» (Шарипова 19). Сол дәстүр мен стилистикадан нәр алған бейнелеу өнеріндегі жылқы образы қазақ дүниетанымындағы адам мен табиғат және рух тұтастығын, қазақ елінің космоцентрлік ойлау жүйесін айқын көрсетеді. Демек, жылқы бейнесінің өнердегі орны — ұлттық болмысты танудағы философиялық әлеуетті дәлелдейтін маңызды мысал. Өз кезегінде бұл өнердің ұлттық болмысты танудағы философиялық әлеуетін дәлелдейтін айқын мысал.

Зерттеу алғаш рет бұл образды Кассирердің символдық формалар философиясы, Юнгтің архетиптік теориясы және Гадамердің герменевтикасы негізінде кешенді талдауға ұмтылды. Мұндай әдіс жылқы бейнесін ұжымдық жадтың көркем таңбасы әрі ұлттық ойлаудың метафорасы ретінде түсіндіруге мүмкіндік берді. Бұл тұжырымдар музейлік экспозицияларға, білім беру контентіне және заманауи көркем дискурстарға қолдануға болатын теориялық негіз қалайды. Болашақта жылқы образын графика, мүсін және заманауи медиамәдениет контекстінде зерттеу ұлттық дүниетанымның толық философиялық картасын жасауға мүмкіндік береді.

Қазіргі Қазақстан өнерін талдай отырып, қазақстандық концептуализмнің көркемдік құбылыс ретінде жоспарлы дамуы жайлы айтуға болады. Оның бірқатар тұрақты сипаттары бар. Бірақ заманауи өнер үлгілерінде де жылқы бейнесі жиі кездеседі. Өнер зерттеушісі Светлана Көпжанованың айтуы бойынша «заманауи суретшілер

дайын нәтижеден гөрі шығармашылық үдерістің басымдылығы, архаикаға жүгіну, әдеттен тыс материалдарды пайдалану, ирониялық цитаталау, беттің тактильділігі, цифрлық технологияларды енгізуге бейімделуде» (Кобжанова 7). Расында, бүгінгі өнерде жылқы бейнесін архаикалық образдар арқылы енгізу талпынысы да, жылқыға техногендік сипат беруге де ұмтылыс бар.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері қазақ бейнелеу өнеріндегі жылқы бейнесінің философиялық-символдық деңгейге көтерілгенін көрсетті. Талдау барысында келесідей негізгі қорытындылар жасалды:

1. Жылқы — ұлттық онтологияның визуалды репрезентациясы. Мақала арқылы жылқы бейнесінің ұлттық философиялық ойлау жүйесінің көркем визуалды формасына айналғаны айқындалды. Ол қазақ дүниетанымындағы адам мен табиғат және рух тұтастығын, космоцентрлік ойлау жүйесін пайымдайтын негізгі нысан.

2. Эрнст Кассирердің символдық формалар философиясы және Карл Густав Юнгтің архетиптік теориясы негізінде жылқы образының ұжымдық бейсанадағы «көркем таңба» әрі ұлттық ойлаудың «метафорасы» екені дәлелденді. Бұл образ көшпелілер мәдениетінде кеңістік пен уақытты игерудің символдық моделі болып табылады.

3. Ганс-Георг Гадамердің герменевтикалық талдауы Әбілхан Қастеевтен бастап заманауи суретшілерге дейінгі кескіндемедегі тұлпар бейнесін тарихи «аң стилінің» заңды жалғасы ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл өнер туындысын жай факт емес, «түсіну тәжірибесінің» феномені ретінде тануға жол ашты.

Осы орайда, зерттеу шеңберінің шектелуі жылқы бейнесінің барлық

қырларын түгел ашуға мүмкіндік бермегенін де ескерген жөн. Әрине, бұл зерттеу аясында негізінен кескіндеме туындылары ғана қарастырылды. Кескіндеме бейнелеу өнерінің бір қыры ғана екенін ескерсек, жылқы образы әлі де талай жаңа интерпретацияларға ие боларын түсінеміз. Сондықтан да келер уақытта графика, мүсін және қолданбалы колөнер үлгілеріндегі жылқы образын да зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Өз кезегінде бұл ұлттық дүниетанымның толыққанды философиялық картасын жасауға жол ашады.

Қазақстанда жылқы тақырыбына қалам сермеген суретшілер өте көп, сондықтан бұл зерттеу үлкен жолдың алғашқы қадамы ғана деп білеміз. Мақала қазақ дүниетанымындағы осы

ерекше символдық образдың жан-жақты қырларын ашудың бастауына айналып, болашақ зерттеулерге жол көрсететін бағыт-бағдар бола алады. Сонымен қатар, қазіргі заманда белең алып келе жатқан метамодернге тән сезіну формалары — яғни иррационалды сезім мен рационалды таным, ирония мен шынайылық, үміт пен күмән аралығындағы тербеліс — жылқы бейнесін жаңа эстетикалық және мағыналық контекстерде қайта пайымдауға мүмкіндік беруде. Сондықтан да, біз енді ғана аяқ басып келе жатқан осы жаңа мәдени-рухани кезең бұл образға әлі де талай тың интерпретациялар мен бұрын байқалмаған мағыналық қырлар сыйлар деп үміттенеміз.

Авторлардың үлесі:

С. Сырғабаяев – әдістемелерді құрастыру, дереккөздер дайындау, салыстырмалы талдау жасау, мақаланың соңғы нұсқасын бекіту.

Д. Құсайынов – зерттеу жүргізу, тұжырымдаманы әзірлеу, тақырыптың өзектілігін нақтылау, мәтінді дайындау және редакциялау.

Вклад авторов:

С. Сырғабаяев – разработка методологии, подготовка материалов, проведение сравнительного анализа, утверждение окончательной версии статьи.

Д. Кусайнов – проведение исследования, разработка концепции, уточнение актуальности темы, подготовка и редактирование текста.

Author's contribution

S. Syrgabayev – development of methodology, preparation of materials, comparative analysis, approval of the final version of the article.

D. Kussainov – conducting research, developing a concept, clarifying the relevance of the topic, preparing and editing the text.

Дәйеккөздер тізімі

- Белый, Андрей. *Символизм как миропонимание*. Москва, Республика, 1994.
- Гадамер, Ханс-Георг. *Истина и метод: основы философской герменевтики*. Москва, Прогресс, 1988.
- Ергалиева, Райхан. «Салихитдин Айтбаев. Счастье». *100 шедевров искусства Казахстана: живопись, скульптура, графика*. Алматы, Жібек жолы, 2016, с. 91–93.
- Жадайбаев, Әмір. «Әбілхан Қастеев». *Әбілхан Қастеев: альбом-каталог. Кескіндеме, графика*. Алматы, Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі, 2024, 17–25 бб.
- Кассирер, Эрнст. *Избранное. Опыт о человеке*. Москва, Гардарика, 2021.
- Копжанова, Светлана. «Новый казахстанский патриотизм. Искусство - в массы». *Қастеев оқулары – 2023*, материалы научно-практической конференции. Алматы, ГМИ РК им. Абылхана Кастеева, 2023, с. 7–15.
- Лосев, Алексей Ф. *Проблема символа и реалистическое искусство*. Москва, Искусство, 1976.
- Резникова, Екатерина. «Жұмақын Қайрамбаев». *Қайрамбаев Жұмақын. Кітап-альбом*. Алматы, Фолиант, 2020, 13–16 бб.
- Тоқтабай, Ахмет. *Түркі халықтарының жылқы мәдениеті*. Алматы, Ғылым, 2015.
- Труспекова, Халима. «Кенбаев М.С. Из личных воспоминаний о художнике и педагоге». *Классик казахской живописи Молдахмет Кенбаев: творческие поиски и художественные концепции*, материалы международной научной конференции. Алматы, КазНАИ им Т.Жургенова, 2025, с. 13–18.
- Шарипова, Диляра. «Қастеев мұрасы қазіргі заманның мәнмәтінінде: интерпретациялар мен жаңа оқылымдар». *Қастеев оқулары – 2024*, материалы научно-практической конференции. Алматы, ГМИ РК им. А.Кастеева, 2024, с. 18–23.
- Юнг, Карл Г. *Архетипы и коллективное бессознательное*. Москва, АСТ, 2020.
- Harberd, Alice. “Aesthetic Bias in Epistemic Evaluation and the Value of Art.” *The British Journal of Aesthetics*, 2025, vol. 65, no. 2, pp. 283–304. <https://doi.org/10.1093/aesthj/ayaе054> (In English)

References

- Bely, Andrey. *Simvolizm kak miroponimanie [Symbolism as a Worldview]*. Moscow, Respublika, 1994. (In Russian)

Gadamer, Hans-Georg. *Istina i metod: osnovy filosofskoy germenевtiki* [Truth and Method: Fundamentals of Philosophical Hermeneutics]. Moscow, Progress, 1988. (In Russian)

Ergalieva, Raikhan. "Salikhitdin Aitbaev. Schast'e" ["Salikhitdin Aitbaev. Happiness"]. *100 Masterpieces of Art of Kazakhstan: Painting, Sculpture, Graphics*. Almaty, Zhibek Zholy, 2016, pp. 91–93. (In Russian)

Jadaybayev, Amir. «Abilkhan Kasteev» ["Abilkhan Kasteev"]. *Abilkhan Kasteev: Album-Catalogue. Painting, Graphics*. Almaty, A. Kasteev State Museum of Arts of the Republic of Kazakhstan, 2024, pp. 17–25. (In Kazakh)

Kassirer, Ernst. *Izbrannoe. Opyt o cheloveke* [Selected Works. An Essay on Man]. Moscow, Gardarika, 2021. (In Russian)

Kopzhanova, Svetlana. "Novyi kazakhstanskii patriotizm. Iskusstvo v massy" [New Kazakhstani Patriotism. Art to the Masses]. *Kasteev Readings – 2023*, proceedings of the Scientific-Practical Conference. Almaty, A. Kasteev State Museum of Arts of the Republic of Kazakhstan, 2023, pp. 7–15. (In Russian)

Losev, Aleksei Fedorovich. *Problema simvola i realisticheskoe iskusstvo* [The Problem of the Symbol and Realistic Art]. Moscow, Iskusstvo, 1976. (In Russian)

Reznikova, Ekaterina. "Zhumakyn Kairambaev" ["Zhumakyn Kairambaev"]. *Kairambaev Zhumakyn. Kitap-Albom* [Kairambaev Zhumakyn. Book-Album]. Almaty, Foliant, 2020, pp. 13–16. (In Kazakh)

Toktabay, Akhmet. *Turki khalyktarynyn zhyly madenieti* [Horse Culture of Turkic Peoples]. Almaty, Gylm, 2015. (In Kazakh)

Truspekova, Khalima. "Kenbaev M. S. Iz lichnykh vospominanii o khudozhnike i pedagoge" ["Kenbaev M. S. From Personal Recollections about the Artist and Educator"]. *Moldakhmet Kenbaev, the Classic of Kazakh Painting: Creative Searches and Artistic Concepts*, proceedings of the International Scientific Conference. Almaty, T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, 2025, pp. 13–18. (In Russian)

Sharipova, Dilyara. "Qasteev murasy qazirgi zamanyn manmatininde: interpretatsiyalar men zhana oqylymdar" ["Kasteev's Heritage in the Context of the Present: Interpretations and New Readings"]. *Kasteev Readings – 2024*, proceedings of the Scientific-Practical Conference. Almaty, A. Kasteev State Museum of Arts of the Republic of Kazakhstan, 2024, pp. 18–23. (In Kazakh)

Jung, Carl Gustav. *Arkhetipy i kollektivnoe bessoznatel'noe* [Archetypes and the Collective Unconscious]. Moscow, AST, 2020. (In Russian)

Harberd, Alice. "Aesthetic Bias in Epistemic Evaluation and the Value of Art." *The British Journal of Aesthetics*, 2025, vol. 65, no. 2, pp. 283–304. <https://doi.org/10.1093/aesthj/aya054> (In English)

Сырғабаев Санжар, Кусаинов Дауренбек

Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)

ФИЛОСОФСКОЕ ОСМЫСЛЕНИЕ И ОБРАЗ ЛОШАДИ В КАЗАХСКОМ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОМ ИСКУССТВЕ

Аннотация. В данной статье анализируется образ лошади в казахском изобразительном искусстве с философской точки зрения. В наши дни лошадь рассматривается как один из главных кодов этногенетического бытия, духовного мировоззрения и культурной памяти казахского народа. Действительно, начиная с древних петроглифов, обнаруживаемых на территории страны, и до современной живописи, образ коня предстает символом освоения пространства и времени, свободы и благородства в мировоззрении кочевников. Поэтому кроме этнографических или эстетических мотивов, он еще и является художественной репрезентацией национального философского мышления. Актуальность данного философского анализа заключается в том, что мы рассматриваем художественное произведение не как понятный образ, а как феномен, обладающий культурно-онтологическим значением. Через образ коня раскрывается целостность человека и природы в казахском мировоззрении, космоцентрическое мышление и архетипическое сознание. В связи с этим в статье методологической основой исследования используются философия символических форм Эрнста Кассирера, архетипическая теория Карла Густава Юнга и герменевтика Ганса-Георга Гадамера. Анализируются произведения Абылхана Кастеева, Канафии Тельжанова, Молдахмета Кенбаева, Салихитдина Айтбаева, Жумақына Кайрамбаева, Омирбека Жубаниязова и других художников, где показано, что образ лошади становится художественным знаком национального кода, коллективной памяти и духовных архетипов. Таким образом, статья охватывает как первых профессиональных живописцев Казахстана, так и современных художников. В работе созданы предпосылки для понимания образа лошади в казахском искусстве через философские категории как визуальной онтологии национального бытия и символической формы коллективной памяти.

Ключевые слова: философский анализ, символическая форма, визуальная онтология, архетипическое сознание, космоцентрическое мировоззрение, национальное бытие, культурная память, художественная репрезентация, образ скакуна, казахская живопись.

Для цитирования: Сырғабаев Санжар, и Кусаинов Дауренбек. «Философское осмысление и образ лошади в казахском изобразительном искусстве». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, №4, 2025, с. 178–195, DOI: 10.47940/cajas.v10i4.1112

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Syrgabayev Sanzhar, Kussainov Daurenbek

Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

PHILOSOPHICAL REFLECTION AND THE IMAGE OF THE HORSE IN KAZAKH VISUAL ART

Abstract. This article analyzes the image of the horse in Kazakh visual art from a philosophical perspective. Today, the horse is regarded as one of the key codes of the ethnogenetic being, spiritual worldview, and cultural memory of the Kazakh people. Indeed, from the ancient petroglyphs discovered in the territory of Kazakhstan to contemporary painting, the horse image appears as a symbol of mastering space and time, freedom, and nobility in the nomadic worldview. Thus, it is not only an ethnographic or aesthetic motif but also an artistic representation of national philosophical thinking. The relevance of philosophical analysis lies in viewing the artwork not as a mere image but as a phenomenon with cultural-ontological significance. Through the horse image, the unity of man and nature, the cosmo-centric worldview, and archetypal consciousness in Kazakh thought are revealed. Accordingly, the study adopts as its methodological basis the philosophy of symbolic forms by Ernst Cassirer, the archetypal theory of Carl Gustav Jung, and the hermeneutics of Hans-Georg Gadamer. The works of Abilkhan Kasteev, Kanafiya Telzhanov, Moldakhmet Kenbaev, Salikhitdin Aitbaev, Zhumakyn Kairambaev, Omirbek Zhubaniyazov, and other artists are analyzed, showing that the image of the horse becomes an artistic sign of the national code, collective memory, and spiritual archetypes. The article thus encompasses both the first professional painters of Kazakhstan and contemporary artists. It creates prerequisites for understanding the horse image in Kazakh art through philosophical categories as a visual ontology of national being and as a symbolic form of collective memory.

Keywords: philosophical analysis, symbolic form, visual ontology, archetypal consciousness, cosmo-centric worldview, national being, cultural memory, artistic representation, image of the steed, Kazakh painting.

Cite: Syrgabayev Sanzhar, Kussainov Daurenbek. "Philosophical reflection and the image of the horse in kazakh visual art." *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 10, No. 4, 2025, pp. 178–195, DOI: 10.47940/cajas.v10i4.1112

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.

Автор туралы мәлімет:

Сырғабаев Санжар Болатқанұлы — Тарих және әлеуметтік ғылымдар институты, Философия кафедрасының 2-ші курс докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)

Құсайынов Дәуренбек Өмірбекұлы — Философия ғылымдарының докторы, Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)

Сведения об авторе:

Сырғабаев Санжар Болатқанұлы — докторант 2-го курса кафедры философии, института истории и социальных наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)

ORCID ID: 0009-0001-0343-1493
E-mail: picasso_91@mail.com

Кусаинов Дауренбек Омирбекулы — доктор философских наук, профессор кафедры политологии и социально-философских дисциплин, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)

ORCID ID: 0000-0003-4274-5986
E-mail: daur958@mail.ru

Information about the author:

Sanzhar Bolatkanuly Syrgabayev — 2nd-year PhD student, Department of Philosophy, Institute of History and Social Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

Daurenbek Omirbekuly Kussainov — Doctor of Philosophy (PhD), Professor, Department of Political Science and Socio-Philosophical Disciplines, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)